

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Өткізілген күні: 24.09. 2025 ж.

Қатысқандар: ата-аналар, балабақша әкімшілігі, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарды балабақшаның жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу процесін анықтау.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова ата-аналарды 2025–2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелеу-білім беру жұмысының негізгі бағыттары, мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар, сауықтыру жұмыстары, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар, қауіпсіздік талаптары және оқу жылының мақсат-міндеттері баяндалды. Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен күн тәртібін сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары назарға алынсын.
2. Ата-аналар балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен күн тәртібін сақтауға міндеттенсін.
3. Жыл бойы өткізілетін іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Тәрбиеші Аппаз Айым балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңі туралы ақпарат берді. Бейімделу кезеңінде балалардың эмоционалдық жағдайы, ұжымға үйренуі, күн тәртібіне бейімделуі, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынасы бақылауға алынатыны айтылды. Ата-аналарға баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі үшін үйде тұрақты күн тәртібін сақтау, баламен жағымды қарым-қатынас орнату және тәрбиешімен тығыз байланыста болу жөнінде ұсыныстар берілді.

Қаулы:

1. Жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңі тұрақты бақылауда болсын.

2. Тәрбиешілер әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, қолайлы психологиялық орта қалыптастырсын.
3. Ата-аналар мен педагогтер арасында тұрақты кері байланыс орнатылып, баланың бейімделуіне бірлесіп қолдау көрсетілсін.
4. Қажет болған жағдайда ата-аналарға жеке кеңестер ұйымдастырылсын.



Төраға:

Хатшы:

Г. Алмағанбетова

А. Назарова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Өткізілген күні: 21.01. 2026 ж.

Қатысқандар: ата-аналар, балабақша әкімшілігі, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Балалардың қауіпсіздігі.
2. Балалардың денсаулығы туралы. «Бала денсаулығын нығайту» (кеңес).

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау – балабақша мен ата-ананың ортақ міндеті екенін атап өтті. Балабақша аумағында, үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жол қозғалысы ережелерін үйрету, бөгде адамдармен қарым-қатынас кезіндегі сақтық, электр құралдарын, тұрмыстық заттарды қауіпсіз пайдалану және төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстау туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар балаларды балабақшаға уақытылы әкелу және тек заңды өкілдеріне тапсыру тәртібі ескертілді.

Қаулы:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығына қатысты қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.
2. Ата-аналар балаларға үйде және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін тұрақты түсіндіріп отырсын.
3. Балабақша мен ата-аналар арасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы өзара байланыс күшейтілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Медицина қызметкері _____ «Бала денсаулығын нығайту» тақырыбында кеңес берді. Кеңесте баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудың негізгі бағыттары қарастырылды. Атап айтқанда, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, жеткілікті ұйқы, жеке бас гигиенасын қалыптастыру, дене шынықтыру және таза ауада серуендеудің маңыздылығы түсіндірілді. Сондай-ақ жұқпалы аурулардың алдын алу, маусымдық аурулар кезінде сақтық шараларын сақтау және баланың денсаулығында өзгерістер байқалған жағдайда оны балабақшаға әкелмеу қажеттігі туралы ұсыныстар берілді.

Қаулы:

1. Ата-аналар балалардың дұрыс күн тәртібін, теңгерімді тамақтануын және жеке бас гигиенасын сақтауға ерекше көңіл бөлсін.
2. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында үйде және балабақшада сауықтыру шаралары жүйелі жүргізілсін.
3. Ауру белгілері байқалған жағдайда балаларды балабақшаға әкелмеу және уақытылы медициналық көмекке жүгіну ұсынылсын.
4. Балабақша мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс соңында ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша бірлескен жұмысты күшейту туралы ортақ шешім қабылданды.



Төраға:

Г. Алмағанбетова

Хатшы:

А. Назарова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 3

Өткізілген күні: 21.01. 2026 ж.

Қатысқандар: ата-аналар, балабақша әкімшілігі, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Ересек, орта, кіші топ балаларының сапасы туралы (қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша).
2. Балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын талдау және бекіту.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Садуахасова Жанат ата-аналарға ересек, орта және кіші топ тәрбиеленушілерінің оқу жылының қорытындысы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы ақпарат берді.

Мониторинг барысында балалардың білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі, жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуы, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық және дене шынықтыру бағыттары бойынша жетістіктері сараланғаны айтылды.

Қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша топтардағы балалардың даму көрсеткіштері анықталып, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Балалардың жетістіктері мен алдағы уақытта дамыту қажет бағыттар бойынша ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Ата-аналарға балалардың үй жағдайында да білімге қызығушылығын арттыру, өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру, балабақшамен тығыз байланыста болу қажеттілігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Ересек, орта, кіші топ балаларының қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту жұмыстарын жалғастыру тәрбиешілерге міндеттелсін.
3. Ата-аналар балалардың жан-жақты дамуына қолдау көрсетіп, балабақшамен бірлескен жұмысты жалғастырсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне арналған жоспарымен таныстырды.

Жазғы сауықтыру жоспарының мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, таза ауада серуендеу уақытын тиімді ұйымдастыру, шынықтыру шараларын жүргізу, қимыл белсенділігін арттыру және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру.

Жоспарда:

- таза ауадағы сауықтыру іс-шаралары;
- қимылды ойындар мен спорттық шаралар;
- шынықтыру жаттығулары;
- мәдени-шығармашылық жұмыстар;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қарастырылғаны айтылды.

Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың күн тәртібін сақтау, денсаулығын күту, қауіпсіздік ережелерін орындау бойынша кеңестер берілді.

Қаулы:

1. Балалардың жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.
2. Топ тәрбиешілері жазғы кезеңдегі іс-шараларды жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптары қатаң сақталсын.
4. Ата-аналар балаларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға белсенді қатыссын.



Төраға:

Г. Алмағанбетова

Хатшы:

А. Назарова